

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНЫҢ
(НӨЛДІК СЫНЫПТАР), 1-СЫНЫПТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА
АРНАЛҒАН ҰЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ
ЖӘНЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

**ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПЛАНЫ И УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДЛЯ
ОБУЧАЮЩИХСЯ КЛАССОВ ПРЕДШКОЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ
(НУЛЕВЫЕ КЛАССЫ), 1 КЛАССОВ**

**Астана
2018**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми кеңесімен басуға ұсынылған (2018 жылғы 28 ақпандағы № 2 хаттама)

Рекомендовано к изданию ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 2 от 28.02.2018 года)

Мектепке дейінгі даярлық сыныптарының (нөлдік сыныптар), 1-сыныптардың білім алушыларына арналған Үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламалары. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 64-бет.

Типовой учебный план и учебные программы для классов дошкольной подготовки (нулевые классы), 1 классов в рамках обновления содержания образования. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 64 с.

Мектепке дейінгі даярлық сыныптарының (нөлдік сыныптар), 1-сыныптардың білім алушыларына арналған Үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламалары жаңартылған білім мазмұны аясында әзірленген. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасына (нөлдік сыныптар) Әліппені оқыту енгізілген. Осыған байланысты әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезеңді қамтыған 1-сыныпқа арналған «Сауат ашу» оқу бағдарламасы қайта қаралды.

Үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламалары мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Типовой учебный план и учебные программы для классов дошкольной подготовки (нулевые классы), 1 классов разработаны в рамках обновления содержания образования. В соответствии с Типовым учебным планом в программу дошкольного образования (нулевые классы) включено изучение Букваря. В соответствии с этим была переработана учебная программа для 1-го класса «Обучение грамоте», которая включала добукварный, букварный и послебукварный периоды.

Типовой учебный план и учебные программы предназначены для воспитателей организаций дошкольного образования и учителей начальных классов.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018
©Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2018

1. Мектепке дейінгі даярлық мазмұнын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері

Білім беру жүйесінің дамуының қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі дайындық жүйесіне жаңа тәсілдер, мектепке дейінгі білім берудің тиімді нысандарын әзірлеу және енгізу және халықаралық озық тәжірибелер негізінде оқыту қажеттілігі туындады. Балаларды бес-алты жастан бастап оқытудың әлемдік тәжірибесі балалардың интеллектуалдық және физикалық дамуы үшін үлкен мүмкіндіктердің бар екендігін растады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін жаңғыртудың тұжырымдамалық негізі 2050 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарында, 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрсетіледі. [1]

Мектепке дейінгі дайындық бес-алты жастағы балаларға бағытталған және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес: отбасында; мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептер, лицейлердегі және гимназиялардағы мектепке дейінгі сыныптарында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі дайындықтың негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі дайындықта сапалы білім беруді қамтамасыз ету;
- физикалық, интеллектуалдық, психологиялық дайындығы бар балалар үшін жағдай жасау;
- балалардың ата-аналарын мектепке дайындау мен кеңес беру процесіне тарту және ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі дайындық тегін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. [2]

Мектепке дейінгі дайындық сыныптарын/топтарды ұйымдастыру мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Балаларды мектепке дейінгі білім беру сыныптарында (топтарда) дайындау - мектепке дейінгі естияр жастағы баланың сапалы білім алуы құқығын жүзеге асыру болып табылады.

Мектепалды кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін және бұл жастағы балалардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін есепке ала тәрбиелеу мен дамуын ұйымдастыруды, сондай-ақ мектепалды білім алу сатысындағы балалар үшін дамудың осы кезеңінің өзіндік құндылықтарын сақтауды қамтамасыз ететін білім мазмұнын таңдап алуды қамтамасыз ету маңызды. Және бұл кезеңдегі оқу мазмұнын мектептің бірінші сыныбында қайталамау өте маңызды болып табылады.

Мектепке дейінгі дайындық міндеттерін жүзеге асыру барысында қамтамасыз етілуі тиіс:

- баланың оқуға ынтасын, мектепке деген эмоционалды – қатынасын дамыту және нығайту;
- мектепке сәтті бейімделуі үшін қажет болашақ оқушы тұлғасының әлеуметтік қасиетінің қалыптасуы.

1.1 Мектепке дейінгі дайындықтың концептуалды негіздері және нормативті – құқықтық базасы

Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім беру қызметтерін көрсету үшін қажетті жағдайларды жасауды қамтамасыз ету мақсатында нормативтік құқықтық база арқылы бекітілген мектепке дейінгі білім берудің тұжырымдамалық негіздері анықталды.

2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мектепке дейінгі білім беруді елдің білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде анықтады. Мектепалды білім берудің нормативті-құқықтық базасын құрайтын құжаттар қатарында «Балалардың құқығы туралы Конвенция», «ҚР Конституциясы», «Отбасы кодексі», т.б. атап өтуге болады. (Қосымша №1)

Қазіргі кезде «Білім туралы» Заңда 2019-2020 жылдан 1-ші сыныпқа алты жастан бастап қабылданатыны туралы өзгеріс енгізілген. Бұл жағдайда «мектепалды» білім беру «мектепке дейінгі» білім берудің аяқталатын кезеңі болып табылады және мектеп алды/мектепке дейінгі дайындық 2020-2021 оқу жылынан бастап бес жастан басталды.

Білім беру жүйесінің дамуының қазіргі кезеңі оның «ақпараттық қоғамға» өтуімен сипатталады. Бүгінгі таңда экономиканың барлық салаларын жандандыруды, адам қызметінің негізгі түрлерін интеллектуализация-лауды қамтамасыз ететін басты қоғамдық өнімдердің бірі - ақпарат болып отыр. Тұлғаға ақпараттық кеңістіктің ұлғаюы жағдайында бейімделуге мүмкіндік беретін алғышарттар жасау, ақпаратты қабылдау, өңдеу және таратудың жаңа технологияларын мобильді меңгеруге қабілетті болу, білім берудің басты мақсаттарының бірін құрайды.

Білім беру кеңістігінде қоғамды ақпараттандырудың әлеуметтік, психологиялық және кәсіптік алғышарттары өз қалыптасуын бастайды және бұл үдеріс білім берудегі ұстаным-тәсілдерді, қазіргі қалыптасқан шындыққа олардың сәйкестігі тұрғысынан оқытуға деген қолданыстағы көзқарастарды қайта қарауды, сондай-ақ жаңа ұстаным-тәсілдемелерді әзірлеуді талап етеді.

Сондай-ақ, Қазақстанда білімнің оқып-зерделенген мазмұн көлеміне емес, оның тереңдігіне бағытталған жаңартылған білім мазмұнына көшу басталды. Бүгінгі мектеп оқушылары - ұлттың интеллектуалдық әлеуеті, және елдің болашағы оларға байланысты болады. Жаһандық трансформациялар мен әлемдік трендтер мектеп білімінің мазмұнын жаңарту қарқынын тездетуді талап етеді. Бұл білім алушыларда «ойлаудың дамуының жүруі үшін, ал жады ойланушы, ал қабылдау – ойлаушы болуы» үшін білім сапасын көтерудің шарты болып табылады. [3]

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш мектепте мыналар ұсынылады: энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, ақпарат алу тәсілдерін үйренуге бағытталған оқытуға баса назар аудару; ынтымақтастық пен дербестікке қабілетті жеке тұлғаны

әлеуметтендіру; ақпарат алу, талдау және тиімді пайдалану мүмкіндігін қалыптастыру.

Қолданыстағы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен салыстырғанда жаңартылған білім мазмұны стандарты нәтижелерге негізделген білім беру моделін құруға бағытталған. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында білім берудің екі деңгейін, әсіресе, мектепке дейінгі білім берудің реттілігін-сабақтастығын және өзара байланысын қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Ғылым және білім ақпараттары көлемінің өсуіне байланысты, әсіресе оқу үрдісінде балалар алатын фактологиялық білімдерді барынша азайту принципі аса өзекті болып отыр. Бұл принципті аздағанмен көп нәрсеге үйретуге ұмтылыс ретінде тұжырымдауға болады. Оған сәйкес, бір объектіні оң қырынан қараған жөн, бір объектіні он жағынан қарастырғанда әрқайсы тек бір қырынан ғана қарастырылады. [4]

Осыған байланысты, мектепке дейінгі білім беруге - 7 жасқа дейінгі балаларды ұйымдасқан оқытудың бірінші кезеңіне жоғары талаптар қойылады, оның бағдарламалары балаларды мектепке дайындауға, оларды қадағалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ олардың әлеуметтік, эмоционалдық және зияткерлік дамуына бағытталған

Мектепке дейінгі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі - баланың ой-өрісін кеңейту және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағыттарын, мектепте әрі қарай білім берудің сипатын анықтайтын, құзыреттілігі мен қызығушылығын дамыту үшін негіз қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі балада дүниенің біртұтас бейнесін көруді қамтамасыз ету болып табылады.

Педагогикалық тәжірибені талдау бүгінгі күні мектепте білім беру мазмұнын ғылыми деңгейге көтеру және баланың дамуының осы сатысында игерілетін ақпарат көлемін ұлғайту мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының білім беру процесіне тікелей ықпал етеді.

Бұдан басқа, мектепке дейінгі білім беру деңгейінде, мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу жүктемесінің көлемінің ұлғайуымен сәйкес, жаңа мектеп бағдарламалары («Жаратылыстану», «Ағылшын тілі» және т.б.) енгізілді. Сонымен қатар, балалардың ойындарға және серуендеуге уақыт қалдыру керек екенін түсіну де маңызды болады.

Кейбір жағдайларда, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдары мазмұнында бастауыш білім деңгейімен сабақтастықты қамтамасыз етілмеген білім беру бағдарламаларының пайдаланады.

Мектепке дейінгі сыныпта/топта білім беру процесі әртүрлі сенсорлық арналар арқылы баланың ақпаратты қабылдау үдерісінде жүзеге асырылған балалардың интеллектуалды дамуына бағытталған болуы керек, бірақ шындықтың барлық объектілері арасында күрделі ішкі байланыстарды орнатуға бағытталмаған, бұл әлем бейнесін тұтас қабылдауды қамтамасыз етпейді, ғалымдар, педагогтардың апікірінше, «қиынды сана» және «қиынды қызметті» қалыптастырады [5].

Бұл жағдайдың пайда болу себептері, мектепке дейінгі деңгейдегі әртүрлі білім беру салаларының (бағдарламаларының) бөліктерін, мазмұндық элементтерін біріктіруге мүмкіндік беретін әдіснамалық қолдаудың болмауы; әртүрлі бағдарламалардың мазмұнын интеграциялау және бір білім беру аймағында білім мазмұнын жобалаудың дамыған механизмінің болмауы; интеграцияланған білім беру салалары бойынша білімін кешенді қолдануды талап ететін балаларға арналған үлгі тақырыптар, мәселелер, тапсырмалардың болмауы болып табылады

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бес жастан бастап балаларды мектепке дейінгі білім беруге көшіру туралы құжаттарды әзірлеп жатыр, бұл біз бес жастағы балаларды мектепке дайындау мақсатты арнайы бағытталған, ұйымдасқан процес ретінде түсінетін, ал кең мағынада - әлеуметтік-тұлғалық (интеллектуалды, эмоционалды, тұлғалық) жетілуді қалыптастыруға, тар мағынада - жасының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, дүниенің қабылдаудағы және білімді меңгерудегі жеке ерекшеліктері ескере отырып жүзеге асырылатын, қарқынды интеллектуалды дамуға, алғашқы әлемнің біртұтас бейнені қалыптаса бастауына, балалардың мектепке бірдей дайындық деңгейінде келуі үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасау.

«Мектепалды білім беру» термині бүкіл әлемде кең таралған, сондай-ақ әдетте, баланың білім берудің мектепке дейінгі мекемесінен балабақшадан (білім берудің мектепке дейінгі мекемесінен немесе отбасынан) мектепке көшіруді жеңілдетуге арналған мектепке дейінгі жоғарғы кезеңді қамтитын, жалпы қабылданған «мектепке дейінгі білім беру» терминін де пайдалануға болады. «Мектепалды» білім беру термині мектепке барудың алдындағы екі жылды қамтиды, яғни, 5 және 6 жастағы баланы оқыту.

Баланың өмірінің табысты болуы мектепке дейінгі білім деңгейіне байланысты болады. Мектепке дейінгі білім беру, ғалым-педагогтар пікірінше, маңыздылық деңгейі бойынша үшінші (жоғары және бастауыштан кейін) орын алады. Сарапшылардың пікірінше, мектепке дейінгі білім берудің дамымағандығы себепті жыл сайын қазақстандық экономика миллиардтаған теңге қаржыны толық ала алмайды.

«Мектепке дейінгі білім беру» термині баланың өмірінде осы кезеңнің айрықша маңыздылығын атап көрсету, білім берудің мектепке дейінгі ұйымдары жағдайында әрбір баланың мектепке тиімді дайындығын ұйымдастыру мақсатында мұғалімдердің, ғалымдардың, ата-аналар қоғамының назарын осы жасқа аудару үшін енгізілді.

Мектепке дейінгі білім беру әртүрлі типтегі мектепке дейінгі ұйымдардың базасында қысқа уақытта болу топтарында жүзеге аса алады.

Мектепке дейінгі білім берудің басты мақсаты – балалардың мектепке баруға тең бастапқы мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

Мектепалды білім берудің нәтижесі - баланың одан әрі дамуға дайын болуы – әлеуметтік, тұлғалық, танымдық (когнитивті) және оларда әлемнің

алғашқы тұтастық әлемнің картинасының, яғни әлем туралы ой елегінен өткізілген және жүйеленген алғашқы білімінің пайда болуы.

Осыған байланысты мектепке дейінгі білім берудің негізгі құрамдас бөлігін таңдау «Әліппе» оқуын енгізу, мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнда дидактикалық бірліктердің ірілендіру және білім беру мазмұнын жаңарту мен оларды жүзеге асыру жағдайының өзгермелілігі есебінен өзектеніп түседі.

Мектепке дейінгі білім беру тәжірибесіне интегративті үдерістерді енгізу, әлемнің мозаикалық суретін емес, тұтас бейнесін беретін зерттелетін оқу салаларының мазмұнын қайта өңдеу, тұтастықты ұсыну, оқытылатын бағдарламалардың бөлімдері арасындағы өзара байланысты және өзара тәуелділікті тереңдету, күннен күнге ұлғайып отырған ақпараттың көлемін оны меңгеруге бөлінген қысқа мерзімді уақыт ішінде меңгеру үшін оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін және технологияларын жетілдіру.

Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жобалау тұрғысынан маңызды аспектісі интегративті ұстаным болып табылады, «қарапайымнан күрделіге көшу тетіктерін, бөлімдерді біріктіру нәтижесінде жаңаны қалыптастыру», яғни бұрынғы біліммен байланысты емес салалар арасындағы «пәнаралық» көшуге ықпал ететін, мүмкіндігінше, әлемнің мозаика суретін емес, біртұтас көрінісін беретін, мазмұндар арасындағы өзара байланыс пен өзара тәуелділікті тереңдетуге бағытталған «пәндер» жүйесін жетілдіру, күннен күнге ұлғайып отырған ақпараттың көлемін өңдеуге мүмкіндік беретін жаңа білім беру бағыттарын жасау [6].

Дегенмен, мектепке дейінгі білім беруді интеграциялаудың теориялық негіздемесі мен әдістемелік қамтамасыз ету және оның мазмұнын құрастырудың өзгермелілігі тек үзінді түрінде (кіріктірілген сабақтар, жеке бағдарламалар), ал кейбір жағдайларда мектепке дейінгі білім беруде оның толық көрінісі берілмейді және мектепке дейінгі білім беруде толық көлемде қолданылмайды.

Ғалымдар интеграциялық көзқарас негізінде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жобалау бойынша арнайы зерттеулер жүргізген жоқ. Педагогикалық теория мен практикадағы мектепке дейінгі білім берудің жай-күйін талдау бірқатар қайшылықтардың болуынан туындаған мәселелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

әлеуметтік-педагогикалық деңгейде - мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына бармайтын балалар санының артуы және әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалар мектебіне арнайы дайындық қажеттілігі;

ғылыми-теориялық деңгейде - мектепке дейінгі білім беруді жүзеге асырудың қажеттілігі және қолда бар мектепке дейінгі білім берудің мазмұны негізінде мектепке дейінгі білім берудің мазмұны жобалауға мүмкіндік беретін әдістердің жоқтығы арасындағы қайшылық;

ғылыми-әдістемелік деңгейде - жалпы білім беру мазмұнын интеграциялау мәселесінің жоғары деңгейде зерттелуі және мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын, сондай-ақ мектепке дейінгі дайындық деңгейін ашатын ғылыми-әдістемелік негіздердің жоқтығы арасындағы қайшылық.

Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын интеграциялау және білім мазмұнын жаңарту негізінде жобалау туралы ғылыми түсініктердің синтезі мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ескерілетін негізгі ерекшеліктерді бөліп алуға мүмкіндік береді:

- пәннің мазмұнын жобалау кезінде шиыршық қағидасы;
- Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;
- білім беру деңгейі бойынша педагогикалық мақсатты тұжырымдау және оқу курсының барлық кезеңінде белгілеу;
- пәндердің арасында, бір білім беру аймағында да, пәнаралық байланысты жүзеге асырғанда да «ортақ тақырыптардың» бар болуы;
- бөлімдердің мазмұнының және ұсынылатын тақырыптардың уақыт сұраныстарына сәйкестігі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару.

Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын кіріктіру ұстанымы-тәсілдемесі негізінде жобалаудың теориялық негіздемесі және қағидалары мен әдістерін әзірлеу, мектепке дейінгі білім беру мазмұны мектепке дейінгі жастағы баланың бойында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін болуын көрсетеді.

Осы мақсатта мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын дайындаудың әдістемелік стратегиясы ретінде интегративтік тәсілді қолдану қажет, ол сабақтастық, сәйкестілік, паритеттілік және иерархиялық, ынтымақтастық, өзара байланыс және өзара тәуелділік қағидаларын ескере отырып, әлемдегі құбылыстарды оның алуан түрлілігімен кеңінен қамтуға мүмкіндік беретін мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жобалау.

Мектепке дейінгі білім берудің жобаланған жаңартылған мазмұнының тиімділігін бағалау және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне арналған жобаланған жаңартылған мазмұны негізінде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жобалауды жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар кешенін әзірлеу маңызды.

1.2 Мектепке дейінгі дайындықтың қазақстандық және шетелдік тәжірибе

Бүгінде әлемнің 204 елінің ішінде білім беру 5 жастан бастап жүргізілетін ел 28 (19,7%) және 134 елде (79,4%) 6 жастан бастап жүргізілді. ЭЫДҰ (ОЭСР) елдерінің арасында 35 елдің 7-інде оқу 5 жастан басталады (20%).

Оқыту 4-6 жастан жүзеге асырылатын елдер:

- Венгрия – 5 жастан
- Австралия – 5-6 жастан
- Нидерланды – 4 жастан
- Новая Зеландия – 5 жастан
- Польша – 6 жастан
- Великобритания – 5 жастан
- АҚШ – бірқатар штаттарда 5 жастан, в 45 штатах - 6-7 жастан.

1965 жылдан бастап, Америка Құрама Штаттарында шамамен 1,3 млн еріктілер мен 1400 коммерциялық емес ұйымдар қатысатын «Head Start» ұлттық бағдарламасы жұмыс істейді.

1959 жылдан бері Кубада мектепке дейінгі және мектеп алды жастағы балаларды «Өз баланды үйрет-оқыт» күндізгі топтарында білім берудің ұлттық жүйесі жүзеге асырылуда.

Түркияда ата-аналарды оқыту бойынша бағдарлама әзірленген. Түрік ұлттық телеарнасында туғанынан бастап 8 жасқа дейінгі балаларды дамыту бойынша «Ата-аналарды оқыту бойынша бастама» атты фильмдер сериясын көрсетілді.

1994 жылдан бастап ЮНИСЕФ әртүрлі елдердің үкіметтерімен бірлесіп мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі білім беруге/оқуға балама ретінде мектепке дейінгі және мектепалды жастағы балаларды отбасы мен коммуникативтік деңгейде дамыту бағдарламасының жүйесін құру бойынша жұмыс істей бастады.

1990- жылдары Ресей Федерациясында балалардың мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қысқа мерзімде болатын топтарын ұйымдастыру бойынша эксперимент өткізілді. Тәжірибеде 5-6 жасар балалардың мектепте білім беруге толық қамту мәселесі шешілмеген күйде қалғаны анықталды. Сондықтан да 2004 жылы Ресей Федерациясының Білім министрлігі ертеңгі күннің бірінші сынып оқушыларының бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру жолдарын талқылауды ұсынды. Осылайша «Мектепке дейінгі тәрбие» термині пайда болды.

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі мектепке дейінгі дайындық тәжірибесін зерделеу балалардың ерте білім алуын жақтаған және балалардың денсаулығы мен эмоционалдық әл-ауқатын сақтау үшін мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының артықшылықтарын көрсететін дәлелдердің жеткілікті саны бар екенін көрсетеді, сондай-ақ тіпті алты жасар балалардың оқуға деген жетілмеген уәждемесіне қатысты және олардың денсаулығының нашарлауы жайлы дәлелдейтін қарсы аргументердің бар екендігін көрсетті. Мәселен, РФ балалар мен жас өспірімдер гигиенасы және денсаулығын қорғау ҒЗИ деректері бойынша: 1980 жылдармен салыстырғанда жүйелі білім алуға дайын емес 5-6 жастағы балалардың үлесі 5 есе өскен, оқуға функционалдық дайындығы тұрғысынан алты жастағы балалардың 15% жетілген, 49% астамы орташа жетілген және 32,2% -ы жетілмеген [7].

Қазіргі кездегі «келісу» дәлелдері: бес жасында балалар «басқа жаста алу мүмкін емес болатын белгілі бір дамуды» алады. Егер бұл даму алынбайтын болса, болашақта баланың өз мансабында табысты болуы екіталай.

Ғалым-педагог А.А.Леонтьевтің пірінше, «бес жастан жеті жасқа дейінгі балаларда, әдетте, денсаулық резервтерін-қорларын «теңестіру» жүреді. Бастысы, мәселен, қиялдау-елестету, өзінің эмоцияларын меңгеру, көрнекті-образдық ойлау сияқты (нақты толыққанды ойында қалыптасады) тұлғалық жаңа қасиеттердің пайда болуында жатыр» [8].

Зерттеуші Д.Б.Эльконин өз еңбектерінде «баланың білім алуға дайындығы оның дамуының төрт жолымен анықталады: 1 жол - ерікті мінез-құлықты қалыптастыру; 2 жол - танымдық қызмет (құралдар мен эталондарды меңгеру); 3 жол - эгоцентризмнен децентрацияға көшу; 4-жол - мотивациялық дайындығы». [9]. Белгілі ғалым Л.С. Выготский: мектепке дейінгі балалық шақтың екінші жартысында бала, егер мектепке болмаса да, қалай болғанда да, «оқыту қызметіне» психологиялық тұрғыдан дайын болады [10].

Осылайша, әр түрлі тұжырымдамаларда балалар қызметін ұйымдастыру проблемалары, балалық шақтың өзіндік құбылысы және оның өзіндік құндылықтары, баланың өз ісінің нысаны ретінде балалардың қосалқы мәдениеті мәселелері көрсетіледі және ондаған жылдар бойы балаларды мектепке дайындау мәселесі өзекті мәселе болды және болып қала бермек.

1.3 Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарындағы мектепке дейінгі дайындықтың мазмұны мен әдістері

Білім беруді модернизациялау аясында қазіргі заманғы мектепке дейінгі дайындық бағдарламалары жеке және командалық жұмысты оңтайлы сәйкестендіру негізінде бос уақыттарда оқу процесін арнайы сабақтарда да, реттелмейтін қызмет түрінде де ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа білім беру бағдарламалары ересектер мен балалар арасындағы жеке қарым-қатынастың қағидаты бойынша құрылады. Бағдарламалар мектепке дейінгі жастағы когнитивтік қызметтің негізі ретінде қызығушылықты дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, баланың танымдық, зерттеу дағдыларын дамыту, шығармашылық қиял қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған.

Бұл жастағы балалар болашақта мектепте оқуға деген қызығушылықтарын таныта бастайды. Болашақта мектепте оқу мектепалды даярлық сыныптарында ерекше бейімділікті қажет етеді. Мектепке деген қызығушылық ересектермен қарым-қатынас жасау, мұғаліммен жүздесу, оқушылармен бірге жұмыс істеу, мектепке бару, мектеп тақырыбында мазмұнды-рөлдік ойындар ойнау және табиғи жолдар арқылы дамиды. Ең бастысы – балалардың дамып келе жатқан қызығушылықтарын өз жетістіктерінің ұлғая түсуін сезінумен, жаңалықты меңгеруімен және танымдық қажеттілікпен байланыстыра отырып, жаңа әлеуметтік ұстанымға («Оқушы болғым келеді») ұштастыру керек.

Педагог балалардың зейіні мен есте сақтауын дамытуға талпынады, қарапайым өзін-өзі бақылау, өз әрекетін өз бетінше реттеу қабілеттерін қалыптастырады. Аталған қабілеттердің қалыптасуына балалардан нысандарды бірнеше белгілері бойынша салыстыру, қателерді іздеу, есте сақтау, жалпы ережені қолдану, әрекеттерді шарттарға сәйкес орындау талап ететін алуан түрлі ойындар көмектеседі. Мұндай ойындар баламен немесе мектеп жасына дейінгі ересек балалармен күнделікті өткізіледі.

Мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары қамтамасыз етуі тиіс:

- балалардың физикалық және психикалық денсаулығын, олардың физикалық дамуын қорғау және нығайту;
- әр баланың эмоционалдық әл-ауқаты;
- баланың интеллектуалды дамуы;
- баланың жеке басының, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау;
- балаларды әмбебап құндылықтармен таныстыру;
- баланың толық дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен қарым-қатынас жасау

Ғалымдардың айтуынша, мектепке дейінгі дайындық бағдарламалары мектеп жасына дейінгі балалардың өмірлік белсенділігін үш түрде ұйымдастыруды қарастырады:

- арнайы ұйымдастырылған оқыту түрі ретінде сабақ түрінде;
- реттелмейтін қызмет түрінде;
- балаға берілетін бос уақытты ұйымдастыруда мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мектепке дейінгі жастағы балаларға (ойын, дизайн, көрнекі, музыкалық, театрлық іс-шаралар және т.б.) арналған іс-шаралар ескеріледі.

Мектепке дейінгі дайындықта қолданылатын әдістер мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиеленушілері білім алу, дағдылар мен қабілеттерді оларды жеткізу құралдары бойынша, олардың көмегімен ие болатын көздерге қарай жіктеледі.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың қоршаған ортаның шындыққа жататын объектілерін және құбылыстарын тікелей тану процесінде және тәрбиеші-педагогтың (түсіндірмелер, әңгімелер) хабарламаларынан, сондай-ақ тікелей тәжірибелік қызметте (дизайн, модельдеу, сызу және т.б.) білім алады.

Дәстүрлі жіктеуге жататын келесі әдістерді бөліп алға болады:

- көрнектілік;
- сөздік, сөзбен жеткізілетін;
- тәжірибелік.

Неғұрлым кейінгі кезеңде әдістерді классификациялау-жіктеудің басқа әдістері әзірленді, оның авторлары И. Лернер мен М. Скаткин.

Бұл классификация-жіктеу оқытудың келесі әдістерін қамтиды :

- ақпараттық-рецептивті;
- репродуктивті;
- зерттеушілік;
- эвристикалық;
- материалды мәселемен-қиындықпен жеткізу әдісі.

Ақпараттық–рецептивті әдіс келесі тәсілдерді құрайды:

- қарастыру;
- экскурсия;
- тәрбиеші үлгісі;
- тәрбиешіні көрсету.

Сөйлеулік әдіс құрайды:

- әңгімелесу;

- әңгіме, өнертанушылық әңгіме;
- педагогтың үлгілерін пайдалану;
- көркем сөз.

Репродуктивті әдіс:

балалардың білімі мен дағдыларын нығайтуға бағытталған;

- дағдыларды автоматизмге дейін жеткізетін жаттығуларды орындауды қамтиды.

- өзіне мыналарды қамтиды: қайталауды қабылдау, керексіз қағазда (черновикте) жұмыс жасау, қолмен пішінжасаушы қозғалысты орындау.

Эвристикалық әдіс кез-келген уақытта сынып жұмысында тәуелсіздік танытуға бағытталған. Мұғалім балаға жұмыстың бір бөлігін дербес орындауға ұсынады.

Эвристикалық әдіс сабақтағы жұмыстың қандай-да бір сәтінде дербестік танытуға бағытталған, яғни, педагог балаға жұмыстың бір бөлігін өз бетінше орындауды ұсынады.

Зерттеушілік әдіс балада тек дербестікті дамытуға ғана емес, сонымен қатар фантазия мен шығармашылықты да дамытуға бағытталған.

Мұғалім дербес жұмыстың ешқандай бөлігін емес, барлық жұмысты өз бетімен орындауын ұсынады. [11]

Мектепке дейінгі білім - баланы мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру ұйымынан (мектепке дейінгі кез келген басқа ұйымнан немесе отбасынан) мектепке көшіруді жеңілдетуге бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең жоғары деңгейі. Бірақ бұл балаларды бірінші сыныптағы оқу материалдары бойынша оқытуға айналмауы керек.

Әдіскер-ғалымдар атап көрсеткендей, мектепке дейінгі дайындық барысында болашақ оқушылардың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіруді қамтамасыз ету маңызды, өйткені олар кейінгі жылдары оқыпүйренуге деген ұмтылысты шектеуге әкелетін стресстік, комплекстер, қорлануды сезінбейді.

Жоғарыда айтылғандай, мектепке дейінгі білім берудің мазмұнына табиғат, қоғам, адамның өзі туралы түсінік-ұғымның негіздерін кіреді, ол дүниетанымның қалыптасуы үшін база-негіз болып табылады. Оқу салаларын біріктірудің негізі, ең алдымен, салалардың өздерінің мазмұны бойынша жасалады және олардан тыс жерлерде болмайды. Білімнің ғылымаралық салаларын, байланыстарын, пәнаралық интеграцияны көрсете отырып, мектепке дейінгі дайындық бағдарламалары бір-бірін өзара толықтыратын, іргелес білім беру салаларын біріктіруі тиіс.

Осылайша, «мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын интеграциялау» түсінігі мектепалды білім беру мазмұнын және мектепке дейінгі білім беру мазмұнын, оның ішінде қарапайым білім беру жүйесін, айналадағы әлемді тану тәсілдерін, әлеуметтік-мәдени және шығармашылық тәжірибені, бір жерге-нәрсеге шоғырлану мен жүйелеу қағидаларында, сонымен қатар мазмұн көлемін балалардың мүмкіндіктері мен оны меңгеруге бөлінген уақытқа сәйкестендіру жетілдіру мақсатындағы процесті білдіреді.

Білім мазмұнындағы интеграцияның жалпыәдістемелік негізін диалектика, оның заңдары мен қағидалары, сондай-ақ «білімнің тұтастығы, барлық ғылымдардың тірі байланысы туралы» ілімдегі (Новалис, Шеллинг, Шлегель) олардың модифицираланған-өзгертілген ой-пікірлер жасайды.

Мектепалды дайындық келесі қағидаларға-принциптерге сүйенуі тиіс:

- тұтастыққа;
- сабақтастыққа;
- белсенді қызметке;
- бала дамуының ерекшеліктеріне сәйкестігі ;
- қызметтің әртүрлі түрлерінің бірлігі..

Интегративтік ұстанымға негізделген мектепке дейінгі дайындық және білім беру ұйымдарына арналған жалпы ғылыми негіздері ретінде, жүйелер теориясындағы органикалық-тұтастық (А.А. Богданов, Л.Берталанфи), адамның эволюциялық қалыптасуындағы ынтымақтастықтың жетекші рөлі идеясы және ондағы әлеуметтік және биологиялық құраушы органикалық синтезі (П.А.Кропоткин, Л.И.Мечников, батыс әлеуметтік биология) бірегейлігі және мәдениеттер мен өркениеттердің ғажайыптылығы және теңқұндылығы (Н.Я.Данилевский, М.М.Ковалевский, А.Тойнби, Т.Шпенглер), мәдениеттер диалогы (М.Бахтин, В.Виблер, С.Курганов).

Интеграцияның жеке-ғылыми методологиялық негізін, пәндер деңгейінде әзірленген идеялар (теориялар, концепциялар-тұжырымдамалар, заңдар, принциптер-қағидалар және т.б.) құрайды:

- «Объективті әлем тақырыбынан тұратын бөлінбейтін үштік ретінде, объекті мен субъекіден және олардың арасында жүретін интеграция процесінен тұратын»;

- педагогика және барлық әлеуметтік-педагогикалық шындық үшін жаңа негізіндеу жасауға мүмкіндік беретін жаратылыстану ғылымы «тұтастай ғылым» тұжырымдамасы (Р.Рамзей);

- гештальт-психологиясының (Ж.Пиаже) тұтастық құрылымының психологиялық теориялары және адам миының қызметінің интегралды табиғаты;

- адамның іс-әрекеттік және мәдени-тарихи мәні туралы концепциялар (Л.С.Выготский, Л.П.Леонтьев).

Нақтығылыми (педагогикалық) әдістемелік ережелер өз құрамына алады:

- педагогикалық әдіснама мәселелерін ашатын ережелер;
- адамның жан-жақты және үйлесімді дамуы интегративтік-педагогикалық идеялар;
- интеграциялық үдерістің түсініктік формасы.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар мен мектепке дейінгі педагогика әдебиеттеріне талдау, тәжірибеде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мазмұнды ықпалдастырудың бірнеше тәсілдері қалыптасқанын көрсетті:

- бағдарламаның әртүрлі бөлімдерінің мазмұны тақырыптық ұйымдасуы;
- қызмет, іс-әрекеттің барлық түрлерінің біріктірілуі;

- оның талаптары мен қызығушылық-мүдделеріне сәйкес әрбір баланың тұтастықта дамуын қамтамасыз ететін дамушы ортаны ұйымдастыру;

- балалардың жеке әмбебап қабілеттерінің дамуына және оларға сәйкес белгі-символдық материалдармен әрекет етуді ұйымдастыруға бағытталған білім мазмұнының интеграциясын қамтамасыз ету;

- жалпы категориялар негізінде мазмұнды кіріктіру.

Ғылыми әдебиетте көрсетілгендей, интеграция тәжірибесі әрбір білім саласындағы білім мазмұны құрылымының үш негізгі компонентінде көрініс табады:

- интеграция ықпалымен сапалы қайта өзгертін білімдер жүйесінде;

- пәнаралық байланысты жүзеге асыратын оқу-танымдық қызметтің ерекшелігіне ие болатын білікті-дағдылар жүйесінде;

Әртүрлі бөлімдердегі білімдердің синтезі-жинақталуы процесінде қалыптасатын оқу танымы қатынастары жүйесінде.

Мектепалды дайындықты жүзеге асыру шеңберінде қамтамасыз етіледі:

- алтыжасар бірінші сынып оқушыларының бірыңғай-біркелкі бастапқы старты мүмкіндігі;

- мектепке дайындықтың естияр балаларының тұлғалық дамуының педагогикалық мақсаты;

- олардың жүйелі білім алуға дайындығын қалыптастыру.

Сапалы мектепке дейінгі дайындыққа қол жеткізу үшін сонымен қатар, білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтары-тәбиешілерін дайындауды қамтамасыз ету де маңызды, ол педагог-тәбиешілерде қалыптасуы тиіс мыналарға бағытталған:

- мектепке дейінгі естияр жастағы балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері жайлы, мектепке дейінгі жастағы балалардың өзі туралы, әлем туралы, пәндер туралы, адамдар туралы түсінігінің қалыптасуындағы сабақтастық, яғни, мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының барлық бөлімдерінде, мектепке дейінгі жастағылардың түсінігінің қалыптасуы мен дамуының және олардың мектепке психофизиологиялық дайындығының деңгейін анықтау бойынша диагностикалық әдістер жайлы қажетті білімінің болуы;

- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы проблемаларды анықтау және диагностикалау жүргізіліп, анықталған проблемаларды шешу бойынша балалармен коррекциялық-түзету жұмыстарын жүргізудің қажетті біліктілігі;

- баланың жеке даму жолында табысты алға жылжуы үшін белгілі бір баламен жұмыс жасауда әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдану үшін;

- нақты мақсаттарға қол жеткізу үшін жеке сабақтарды жобалау, яғни, ойындар мен материалды таңдап, сабақтардың басталуын, сабақтың барысы мен нәтижелерін ойластырып, сондай-ақ ықтимал жағдайларды ескере отырып, ортаны құру;

- белгілі бір балаға қызықты жеке сабақ өткізу/жүргізе білу, балалардың белгілі бір нақты тобы үшін топтық сабақтарды жобалай білуі, қолжетімді және

қызықты ойындар таңдау және жүзеге асыру барысында жоспарланғанды өзгертуге дайын болуы;

- кез-келген баламен қақтығыссыз қарым-қатынас жасау, мектепке дейінгі дайындық уақытының қысқа, ал шешу керек міндеттер өте көлемді болғандықтан, тез өзара іс-қимыл жасау, серіктестік қатынас орната білу керек.

Бағдарлама меншік нысанына қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері мен типтеріне және мектепалды даярлық сыныптарына ұсынылады. Бағдарлама мазмұны 5-6 жастағы балалардың жеке жас ерекшелігінің мүмкіншіліктерін ашуға, тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп және оны мектепте оқуға дайындауға бағытталған білім берудің базистік мазмұнын анықтайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың негізгі міндеттері:

- бала бойында маңызды, шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы пәндік-даму ортасын құру;

- тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру және т.б.

Мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру мынадай негізгі педагогикалық ұстанымдарға сүйенеді:

- мәдени сәйкестілік ұстанымы – аймақтық, ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтарды пайдалану арқылы балалар ұйымының жұмысын мәдени орталық қатынас жасау арқылы ұйымдастыру;

- тәрбиелей отырып оқыту – баланың нақты ақыл-ойы мен тәжірибелік әрекетін іске асыра отырып, оның бойына ұйымшылдық, тәртіптілік, ұқыптылық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру;

- жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктеріне байланысты қатынас жасау

– балалардың жасы мен субъективті тәжірибесіне сәйкес тақырып мазмұны мен жұмыс тәсілдерін таңдау;

- жүйелілік – оқу материалын таңдау мен оны дұрыс жеткізу, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын байыту;

- түйсіну мен белсенділік ұстанымы – балалардың оқу материалын дұрыс түсінуі, қабылдауы мен ақыл-ойының, танымдық үдерісінің даму мәселелерін қарастырады;

- қызметтік қатынас ұстанымы – оқыту мен тәрбиелеу үдерісін бала әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен формаларына танымдық компоненттерді кірістіре отырып жүргізуді көздейді;

- адамгершілік ұстанымы – педагогтің бала пікірімен санасып, оның сезімі мен көңіл күйін ескеріп, өзіне тең құқылы серіктес ретінде қабылдай отырып, бойына жоғары адами құндылықтар – отаншылдық, туған жерге деген махаббат сезімін дарыту;

- көрнекілік ұстанымы – оқытудың эмоционалдық және көрнекілік технологияларын үйлесімді қолдану арқылы қоршаған әлемді қабылдау мен тануға мүмкіншілік туғызу;

- креативтілік ұстанымы – мектепке дейінгі балалардың бойында бұрын қалыптасқан дағдыларын өзіндік іс-әрекет жағдайларында қолдану мүмкіндіктерін арттыру арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу. Сол арқылы

қалыптан тыс міндеттер мен проблемалық жағдайлардың шешімін өздігінен таба білу қажеттіліктерін қолдап, одан әрі жетілдіруге ынталандыру.

1.4 Мектепке дайындық және мектепалды дайындық компоненттері

Мектепке дейінгі дайындық - бұл үйрететін (оқытатын) адамдардың және оқитындардың (оқу) арнайы ұйымдастырылған өзара байланысты әрекет-қызметін көрсетеді. Оқу процесінің осы екі компонентіне қосымша, үшіншісі - үйрету бар. Үйрету - бұл баланың дамуындағы жағымды өзгерістерден көрінетін оқыту үдерісінің нәтижесі.

«Мектепке дайын болу» ұғымын ескере отырып, оны сипаттайтын бірқатар ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады:

- оқыту дағдыларының алғышарттары;
- тәрбиеленуші-оқушылардың жаңа әлеуметтік рөлі;
- болашақ оқушының танымдық мүдделері-қызығушылығы;
- ойлану операциялары (салыстыру, жіктеу, талдау, қорыту және т.б.).

Осылайша, баланың мектепке дайындығы мыналарды ұсынады:

- балалардың белсенділік жүйесін дамыту (құралдарды, әдістерді таңдау, өзіне мақсаттарды қою білуі және оған жету қабілеті);
- оның дүниетаным-көзқарасын кеңейту және танымдық белсенділігін ынталандыру;
- ерік-жігер мен мінез-құлық еркіндігі, дербестігін, өз-өзіне қызмет ету қабілетін, өзінің құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы мазмұнын анықтағанда мыналарды ескеру маңызды:

- мектепте оқуға дайын балалардың психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеп-зерделеу;
- мектепке дейінгі оқушылар мен төменгі сынып оқушыларын табысты оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру негіздерін анықтау;
- жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;
- болашақ біріншісыныптық оқушының тұлғалық қасиеттерін айқындау.

Сонымен, мектепте оқуға дайын балалардың психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктері, баланың морфологиялық, функционалдық және интеллектуалды даму деңгейін көрсететін мектептегі, мектептік жетілуі арқылы анықталады, жүйелі оқыту талаптары, әр түрдегі жүктемелер, өмірдің жаңа түрі ол үшін тым шаршаушылық туғызбайтын болады.

Физикалық дайындығы - бұл денсаулықтың жағдайы, баланың организмінің морфофункционалды жетілуінің белгілі бір деңгейі, қозғалыс дағдылары мен қасиеттері-нің, әсіресе нәзік моторлық координациялардың, физикалық және ақыл-ой жұмыс қабілетінің дамуының қажетті деңгейлері.

Белсенділік, бастама, дербестік, жауапкершілік, басқаны тындау және өз іс-әрекеттерін үйлестіру білу қабілеті, белгіленген тәртіптерді басшылыққа алу,

топта жұмыс істей білуі, бұл мінез-құлықтың еріктіліктілігінің белгілі бір деңгейінің өзіндік сипаты, қарым-қатынас жасаудың, өзін-өзі бағалау және оқытудың мотивациясының (танымдық және әлеуметтік) қалыптасқандығы баланы оқыту үшін қажет қасиеттер жеке тұлғалық дайындығының сипаты.

Интеллектуальдық дайындық мыналарға арқа сүйейді:

- образдық ойлаудың, қиялдау мен шығармашылықтың, ауызша-логикалық ойлау негіздерінің дамуы, танымдық қызметтің құралдарының (салыстыру, талдау, жіктеу, жалпылау, схемалау, модельдеу) дамуы;
- ана тілі және сөйлеудің негізгі түрлерін (диалог, монолог) меңгеруі;
- балалардың басқа да іс-әрекеттеріндегі оқыту әрекеттерінің элементтерін (дизайн, сызу, модельдеу, әртүрлі ойындар) меңгеру;

Мектепалды дайындық мыналарды қамтиды:

- Орталықсыздандырудың/ децентрацияның пайда болуы (жағдайды талдау кезінде басқа адамның позициясын ескере отырып);
- іс-әрекеттің жалпы контекстінен тапсырмаларды бөліп алу, шешімдердің тәсілдерін түсіну, ой елегінен өткізу және жинақтау-тұжырымдау, жоспарлау және бақылау;
- балаларда адамдар әлемі, заттар, табиғат туралы түсініктің болуы.

Оқытудың негізгі компоненті – оқыту үшін оқу үрдісі ұйымдастырылған қызмет. Оқудың қалай жүргізілуіне қарай, білім алушыны дамытуда кейбір өзгерістер байқалады. Оқыту көбінесе оқу ісінің синонимі ретінде қарастырылады: өйткені бала оқып-үйренетін болғандықтан, ол білім беру ісімен айналысады. Мұндай білім беру қызметі мен оқыту-үйретуді сәйкестендіру теріс нәрсе. С.Л.Рубинштейн атап өткендей, оқытудың екі түрі бар, нәтижесінде адам жаңа білім мен дағдыларды игереді. Олардың біреуі осы білімді және дағдыларды өз тікелей мақсат ретінде меңгеруге бағытталған. Екіншісі, осы білімдер мен дағдыларды басқа мақсаттарды жүзеге асыруда үйренуге әкеледі. [12]

Соңғы жағдайдағы оқыту - бұл тәуелсіз дербес қызмет емес, сонымен қатар ол қызметтің құрамдас бөлігі-компоненті және оның нәтижесі ретінде жүзеге асырылатын процесс. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін оқытудың екінші түрі өте тән сипат: олар ойын, жұмыс және басқа да іс-шараларда білім алады.

Мектепке дейінгі тәрбие процесінде балалар білім беру қызметінің маңызды құрамдастарын: білім беру міндеттерін орындауға, өздерінің қызметін жоспарлауға қабілетті меңгереді.

Оқыту- арнайы ұйымдастырылған оқыту іс-әрекеті, қарым-қатынас жасау негізінде баланың ой-санасында шынайы шындықтың көрініс табуының кешенді және көп қырлы процесі.

Мектепалды дайындық компоненттерге (оқыту) мыналар жатады:

- Оқыту мақсаты: жалпы және жеке;
- Оқытудың мазмұны;

- Педагог-тәрбиеші білім мен тәрбиенің мазмұнын жеткізуші. Ол беруді жүзеге асырады, қызмет-әрекетті ұйымдастырады, білім алушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады, белсенділігін дамытады.

- Білім алушы. Бір мезгілде оқытудың объектісі және субъектісі де болып табылады. Оқу үдерісінде әртүрлі ғылыми негізделген оқыту әдістерінің көмегімен баланың бойында шынайы-нақты шындықты көрінісінің ең күрделі процесі жүзеге асады;

- Ұжым. Ұжымдық оқыту үдерісі жеке оқытуға сәйкес-барабар, бірақ практикалық тәжірибеде білімді, үйрену-білуді және дағдыларды пайдалану ретінде, экспериментальды деректерден алынған қорытындыларды талдау және синтездеу, білім алмасу үдерісі ретінде ұйымдастырылуы мүмкін;

- Оқыту әдістемесі. Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру- білім беру мектепке дейінгі баланы кешенді дамыту мен тәрбиелеуге бағытталған педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын ұйымдастырудың әртүрлі үлгілері арасында 5-6 (7) жастағы балаларды мектепке дейінгі білім беру топтарын ұйымдастырудың үлгісі мектепке дейінгі ұйымдардың базасында және жалпы білім беру мектептерінің базасында неғұрлым танымал болып келеді. Бұл сыныптардың (топтардың) қызметі балаларды, о.і. мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балаларды да мектепке даярлауға бағытталған.

Сондықтан да мектепке дейінгі дайындықты жүзеге асыру бүкіл білім беру жүйесінің фундаменті-негізі болып табылатын қажетті процесс, нақ осы жерде баланың болашақ дамуының сипатын анықтайтын, баланың жеке тұлғасының негізін қаланады. Мектептік білім беруге дайындық мәселелері тек білім беру, баланың интеллектуалды дамуы ғана емес, оның жеке басын қалыптастыру, тәрбиелеу мәселелері болып табылады.

2. Мектепке дейінгі даярлықтың (нөлдік сыныптар) Үлгілік оқу жоспарлары

Мектепке дейінгі тәрбие және мектепалды даярлық сыныбы үшін үлгілік оқу жоспары – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде құрастырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы оқу процесін қамтамасыз ететін мемлекеттік нормативтік құжат.

Үлгілік оқу жоспарының құрылымы келесі компоненттерді қамтиды:

а) инварианттық бөлім мектепалды естияр жастағы балаларды жалпымәдени және ұлттық маңызды құндылықтарға тартылуын қамтамасыз етеді. Жоспардың инварианттық (міндетті) бөлімі мектепалды білім беру ұйымдарында ұйымдастырылған оқу әрекетін реттейді;

б) вариативтік бөлім – балалардың жеке қызығушылығы мен бейімділігін дамытуды, білім беру қызметін кеңейтуді қамтамасыз ететін бөлім. Вариативтік бөлім мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы іс-әрекеттің басым бағыттарын көрсетеді. Вариативтік бөлімдегі сабақтар тізбесі білім беру ұйымдарының бағыттарына байланысты өзгере алады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары үшін үлгілік оқу жоспарында жас топтарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) ұзақтығы белгіленген.

Апталық оқу жүктемесінің көлемі «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес анықталған (2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны бес білім беру саласынан тұрады: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет». Көрсетілген салалар аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны ұйымдастырылған оқу әрекеті, балалардың өзіндік әрекеті және ересектер мен балалардың бірлескен әрекеті арқылы іске асырылады.

«Денсаулық» білім беру саласының мазмұны белсенді қозғалу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру мен дамытуды, физикалық өздігінен жетілдірудегі қажеттілікті, балаларды салауатты өмір салты негіздерімен қамтамасыз етеді.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу әрекеті екі бағытта іске асырылады:

- 1) «Дене шынықтыру»;
- 2) «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері».

«Коммуникация» білім беру саласының мазмұны айналасындағы адамдармен араласу және бірлесіп әрекет жасай білуді, қарым-қатынас жағдаяттарын ажырату, мазмұнды монолог пен диалогтарды құра білуді, оқу мен жазуды меңгеруге дайындық мақсатында сөйлеу шығармашылығын көрсетуді, өз мінез-құлқын дұрыс қалыптастыруға бағытталған .

«Коммуникация» білім беру саласы аясында ұйымдастырылған оқу қызметі келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

1) «Сөйлеуді дамыту»; 2) «Көркем әдебиет»; 3) «Әліппе»; 4) «Қазақ/орыс тілі»; «Ағылшын тілі».

«Таным» білім беру саласының мазмұны қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, тірі және өлі табиғаттың заттары мен құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, сонымен қатар танымдық-зерттеушілік іс-әрекетті дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған.

Бұл білім беру саласына сәйкесінше мына ұйымдастырылған оқу қызметтері кіреді:

1) «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру»; 2) «Құрастыру»; 3) «Жаратылыстану».

«Шығармашылық» білім беру саласының мазмұны балалардың сезімталдық-эмоционалдық өрістері мен қиялдауын шығармашылық ойлау мәдениеті негізі ретінде, көркем және музыкалық іс-әрекеті арқылы өнер әлеміне тартуды дамытуға бағытталған. «Шығармашылық» білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметтері:

1) «Сурет салу»; 2) «Мүсіндеу»; 3) «Апликация»; 4) «Музыка».

«Әлеумет» білім беру саласының мазмұны баланың қоғамда өзін ұстаудың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, салт-дәстүрлерді сақтауды, қазақ халқының тарихын білуді және құрметтеуді, басқа халықтардың да мәдениетін, дәстүрлерін құрметтеуді қамтиды. «Әлеумет» білім беру саласының аясындағы ұйымдастырылған оқу қызметтері: 1) «Өзін-өзі тану»; 2) «Қоршаған ортамен танысу»; «Экология негіздері».

**Мектепалды даярлық сыныптары үшін үлгілік оқу жоспары
(5-тен 6 жасқа дейінгі балалар; нөлдік сыныптар үшін)**

№	Білім беру облысы Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Апталық оқу жүктемесі
	Денсаулық – 3 сағ	
1	Дене шынықтыру	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері.	0,5
	Коммуникация – 5 сағ	
3	Сөйлеуді дамыту	0,5
4	Көркем әдебиет	0,5
5	Әліппе	2
6	Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде емес)/ Орыс тілі (оқыту орыс тілінде емес)	1
7	Ағылшын тілі	1
	Таным – 2,5 сағ	
8	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру	1
9	Құрастыру	0,5
10	Жаратылыстану	1
	Шығармашылық – 5 сағ	
11	Сурет салу	1
12	Мүсіндеу	1
13	Апликация	1
14	Музыка	2
	Әлеумет – 1,5 сағ	
15	Өзін-өзі тану	1
16	Қоршаған ортамен танысу	0,25
17	Экология негіздері	0,25
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	17
	Вариативтік компонент*	3
	Барлығы	20

Ескерту:

*- басқа іс-әрекет түрлеріне (ойын, дербес, шығармашылық, жеке жұмыс және т.б.)

Қолданыстағы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырғанда, мұндағы өзгеріс «Әліппе» ОӘҰ-інің енгізілу болып табылады. «Әліппе» «Сауат ашу негіздері» ҰОҚ-нің бағдарлама мазмұнын да қамтиды. «Әліппе» ҰОҚ-нің апталық оқу

жүктемесі 2 сағатты құрайды, оның 0,5 сағаты «Сөйлеуді дамыту» ҰОҚ есебінен, ал 0,5 сағаты «Драма» ҰОҚ есебінен алынған.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы жалпы апталық жүктеме 20 сағатты құрайды, оның инвариантты бөлімі – 17 сағат, вариативтік бөлімі – 3 сағат. Осылайша, осы жастағы топтардың жалпы апталық жүктемесі бұрынғы көлемде сақталды, тек «Коммуникация» білім беру саласында ғана өзгеріс болды.

3. Мектепке дейінгі даярлық сыныптарының (нөлдік сыныптар) және 1-сыныптардың пәндері бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы және мазмұны

«Әліппе» оқу бағдарламасы аптасына 2 сағатты, оқу жылында 64 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламасының мақсаты нөлдік сыныптың балаларын ойын арқылы оқу мен жазуға дайындау болып табылады.

Оқу бағдарламасының мақсаты келесі міндеттер арқылы жүзеге асырылады:

- балалардың сөйлеу, дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін қалыптастыру;

- оқуға дайындық (фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстарды ажырату, сөзге дыбыстық талдау жасау, сөздерді дыбыстық сызбалары бойынша «оқу»);

- жазуға дайындық (қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жұмыс жолын және жоларалық кеңістікті сақтай отырып, сурет салу, үзік сызықпен сызу, штрихтау, бастыра салу, әріптердің негізгі элементтерін жазу);

- диалогке қатыса білу, визуалды тірекке сүйене отырып, қарапайым монологтік пікірін айту;

- талдау, синтез, салыстыру, жалпылауды пайдалана отырып, логикалық және бейнелік ойлау қабілетін қалыптастыру;

- ұлттық құндылықтарға бағытталған адамгершілік, патриоттық, эстетикалық сияқты тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу; шығармашылық белсенділігін ояту, балалардың өз бетінше әрекет ете білуге үйрету;

- тілге деген тәрбие позитивті эмоционалдық-құндылықты қарым-қатынасын тәрбиелеу; оның тазалығын сақтауға баулу; тыңдалған аудио/видео материалдар негізінде байланыстыра сөйлеуге үйрету; тұлғалық-құндылықтық тәрбие беру.

Мектепалды даярлық кезінде оқу мен жазуға табысты оқыту үшін сөйлеуін дамыту, дұрыс естуге, дыбыстарды айту және ажыратуға үйрету, ұсақ моторикасын жаттықтыру, ұқыптылыққа және эстетикалық талғамға тәрбиелеу қажет. Сондай-ақ, тыңдай білу, есту, есте сақтау, айтылған мен оқылғанның мағынасын түсіну, өз пікірін сауатты жеткізу, жұмыс бетінде бағдарлай білу және өз жұмысын жоспарлай білуге үйрету қажет. Дыбыстармен жүргізілетін жүйелі жаттығулар өз ойын білдіру мақсатында сөйлем құрау немесе шағын мәтін құрастыру кезінде сөйлеу бірліктерін дұрыс қолдана білуге мүмкіндік беретін сөйлеу органдарының үйлесімді қозғалысын, сөйлеген кездегі тыныс алуын, дауысы мен дикциясын дамытуға ықпал ететін сөйлеу гимнастикасы ретінде маңызды рөл атқарады.

Бала бастапқы оқыту процесінде сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым меңгереді.

Тыңдалым мен айтылым әрекеттері өзара тығыз байланысты.

Тыңдалым - сөйлеуді естуін дамыту, тілдің негізгі бірліктерін (сөз, сөйлем) ажырата білу, сөздегі дыбыстарды айыра білу, оларды әріптермен сәйкестендіру, диалогтік және монологтік сөйлеуді тыңдау, мұғалімнің мәтіндерді оқуы.

Айтылым. Дыбыстық сөйлеу мәдениеті. Айтылым сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде, бірінші кезекте, тілге қарым-қатынас құралы ретінде сүйенеді. Сөйлеу әрекеттерінің тыңдалым және айтылым түрлері балалардың тыңдалатын материалдағы ақпаратты ұғыну, фонематикалық есту мен қабылдауды дамытуды қамтамасыз етеді. Тыңдалым арқылы балалар ауызша қарым-қатынастың мақсатын және жағдаятты саналы түрде түсініп, сөйлеудің дыбысталуын қабылдайды. Мәтіндегі ақпаратты естіп, оның негізгі түйінін түсінеді, мазмұны бойынша сұрақтар қоя алады.

Оқылым. Оқу дағдыларын меңгеру – білім берудің, сөйлеуді дамыту процесінің негізгі бөлігі, ақпарат алуда маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады. Жақсы дамыған фонематикалық тыңдау оқуға үйретудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Бағдарламаны меңгеру барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың есту қабылдауын, назарларын және зейінін сөйлеудің дыбыстарымен жұмыс жасауға дайындайтын арнайы ойындар пайдаланылады. Ертегі кейіпкерлерімен ойнай отырып, балалар дауысты және дауыссыз дыбыстармен, олардың дұрыс артикуляциясымен танысады. Сөздің графикалық сызбасы бойынша «оқып», дыбыстық сызбаларға сөздің дыбыстық құрылымын сәйкес тандап, модельдейді. Оқылым – мектепке дейінгі жастағы балалар үшін күрделі процесс. Сондықтан бұл жас тобындағы балаларға оқылымның бастапқы элементтері ғана енгізіледі.

Жазылым. Жазу кезінде денені дәптердің орналасуына қарай денені дұрыс ұстау, қарындашты дұрыс ұстау. Дәптер бетінде кеңістікті бағдарлай алуын қалыптастыру (жоғары, төмен, оң және сол жағы); көру қабылдауы: түсті, пішінін, оның дәптердегі орналасуын ажыратуы, жұмыстық (тар) және жұмыстық емес (кең) жолдар ұғымы, жазба тапсырмасын орындауда жолдарды, жоларалық кеңістікті сақтау. Сурет салу, штрихтау, айналасын бастыра жүргізу, сызықтарды қосу, өрнектерді бояу, қолды үзбей жиектерді жүргізу, әріптер элементін жазу, тік, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін жазу, таныс заттарының суретін салу. Әріп элементтерін жазу. Тілдік жаттығулармен, жаңылпаштар, өлеңдер айтумен қатар көзбен мөлшерлеуге арнаулы жаттығулар жасату, қолдың, саусақтардың ұсақ бұлшықеттерін дамыту үшін физикалық жаттығулар жасату маңызды рөл атқарады.

Оқу бағдарламасының ерекшелігі 5 жастағы баланың ойын әрекетінен практикаға бағытталған әрекетке еркін ауысуы; «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы негізінде тұлғалық-бағдарланған құндылықтарды қалыптастыру; баланың интеллектуалды дамуы мен оны табысты әлеуметтендіру болып табылады.

Бағдарламада балалардың жасына сәйкес жетістік деңгейін көрсететін күтілетін нәтижелер оқу мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған.

Оқу материалының мазмұны екі кезеңнен тұрады: дайындық (әліппеге дейінгі) және негізгі (әліппе) кезең.

Дайындық (әліппеге дейінгі) кезең тілдік және әдеби білім беру жүйесіне кіріспе болып табылады. Оның мазмұны ауызша сөйлеу және фонематикалық естуді дамытуға бағытталған.

Балаларда сөйлеу, сөйлем туралы бастапқы түсініктер қалыптасады, фонематикалық есту және дыбыстық және буындық құрылымы әртүрлі сөздердегі дыбыстардың реттілігін анықтай білуін дамиды. Олар сызба-модельдерді қолдана отырып, сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздерді буынға бөлуді, дыбыстық талдау жасау сызбалары бойынша сөздерді «оқуды» үйренеді. Осы кезеңде дауысты (жуан, жіңішке) және дауыссыз дыбыстар туралы бастапқы түсініктері қалыптасады. Балалар жазу кезінде дәптер, қарындаш, денені ұстау мен отыру туралы қойылатын талаптарды біледі, штрихтауды, бояуды, үзік сызықтар мен нүктелер бойынша бастыра жүргізуді және т.б. үйренеді.

Негізгі (әліппе) кезеңде балалар қазақ әліпбиіндегі барлық әріптерді танып, оқуды үйренеді, буындық модельдерді танып, сөздерді ауызша құрастырады, оның жолын біледі. Балалар әріп элементтерін жазуды игереді.

«Әліппе» үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Түсіндірме жазба

1. «Әліппе» үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес олардың білім, білік, дағдыларының көлемі мен мазмұнын анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы «шиыршық қағидаты» негізінде әзірленген, яғни оқу мақсаттары мен тақырыптардың басым көпшілігі белгілі бір оқу кезеңінен кейінгі кезеңде білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек деңгейде қайта қарастырылады.

4. Оқу бағдарламасы оқу жылы көлемінде бөлімдердің оқытылу ретін көрсететін ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

5. «Әліппе» оқу бағдарламасы оқыту процесін әдістемелік әлеуетін осы пәндік салалар бойынша білім алушылардың саналы түрде «дыбыс», «әріп» ұғымдарын меңгеруіне, буындап оқи білуіне, сөзді буындық-дыбыстық және дыбыстық-әріптік талдауды жасай білуіне, алғашқы (қарапайым) жазу дағдыларын қалыптастыруға бағыттайды.

6. Оқу бағдарламасында заманауи мектепке дейінгі білім беру ұйымында тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастырудың инновациялық педагогикалық тәсілдемелерін сипаттайды және оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі қызметтерін қамтиды.

7. Оқу бағдарламасы баланың өздігінен білімді игеруі бойынша белсенді іс-әрекетін ойын әрекеті арқылы ұйымдастыруға, өзінің жеке мүдделерін ұғынуға, өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

8. Жеке тұлғаға бағытталған тәрбие мен оқыту процесінің барлық қатысушыларымен ынтымақтастықта болу үшін алдын ала жағдай жасалған интерактивті әдістерін қолдану арқылы нығайтылады.

9. «Әліппе» оқу бағдарламасы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан баланың белсенді идеялары мен білімдерін ұсынатын шынайы шығармашылық процесте іс-әрекетін ұйымдастыруын дамытуға бағытталған.

10. «Әліппе» мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде балалардың қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін алғышарттар, жағдайлар жасалады.

11. «Әліппе» оқу бағдарламасында оқыту процесінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

2-тарау. «Әліппені» оқытудың мақсаты мен міндеттері

12. «Әліппені» оқытудың мақсаты – балалардың тілдің фонетикалық және графикалық жүйелерін меңгеру процесінде оқу мен жазу дағдыларын меңгертуге дайындау.

13. «Әліппені» оқыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеттері:

- 1) фонематикалық есту мен фонематикалық қабылдауды дамыту;
- 2) сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыру, алдағы сауат ашу негіздеріне үйрету үшін және дыбыстық талдау әрекеттерін қалыптастыру;
- 3) қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
- 4) дыбыстық-әріптік және буындық-дыбыстық талдау мен жинақтау іс-әрекеттерін қалыптастыру;
- 5) сөйлем, сөз, буын, дыбыс (дауысты, дауыссыз) және әріп туралы қарапайым түсінікті қалыптастыру;
- 6) балаларды талдау, салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелеудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру;
- 7) сөз/сөйлем сызбаларын оқу және сол бойынша сөйлем құрастыру;
- 8) буындап оқудан біртіндеп сөзді тұтас оқуға көшу, оқу мен жазуға қызығушылықтарын арттыру ;
- 9) талдау, салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелей білуді дамыту;

10) жанындағы адамдармен мейірімді қарым-қатынас қалыптастыру, сөйлеу мен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

11) балалардың танымдық қызығушылығы мен сөйлеуін жетілдіру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

12) әңгімелесушіні тыңдай және ести білу, диалог жүргізуге дайындық, өз пікірін айту арқылы коммуникативтік дағдыларды дамыту;

13) қоршаған ортаны меңгеру арқылы ана тіліне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті дамыту.

14. «Әліппенің» маңыздылығы балалардың сөйлеу әрекетінің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым) дамыту үшін жағдай жасау қажеттілігімен анықталады.

3-тарау. «Әліппенің» мазмұнын ұйымдастыру

15. «Әліппе» бойынша оқу жүктемесі аптасына 2 сағат, оқу жылында барлығы 64 сағатты құрайды.

16. Нөлдік сыныптағы «Әліппе» мазмұны сауат ашудың екі кезеңінен тұрады: әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі.

17. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

2) фонематикалық есту қабілетін дамыту;

3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;

4) сөйлем бас әріптен басталып жазылып, сөйлем соңында нүкте, сұрақ /леп белгісі қойылатыны туралы түсінік қалыптастыру;

5) жуан/жіңішке дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінік қалыптастыру;

6) сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;

7) қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын бастыра салу);

8) ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту.

18. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;

2) фонематикалық есту қабілетін дамыту, дыбыстық-әріптік және буындық-дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын жетілдіру;

3) әліпби әріптерін меңгерту;

4) буындап оқып, біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;

5) қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын бастыра салу, әріптің элементтерін жазу);

6) ауызша сөйлеу және жазу дағдыларын дамыту.

19. Базалық білім мазмұны. Тыңдалым және айтылым (фонематикалық есту мен қабылдауды, ауызша сөйлеуді дамыту).

1) сөздің дыбысталу формаларын ажырату: сөздер легінен дыбыстарды ажырату, дыбыстарды сөздер легінен және жеке айту; буын, сөз туралы алғашқы түсінік; сөздегі дыбыстарды және олардың белгілерін (дауысты, дауыссыз; жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және салыстыру, оларды дұрыс айту; дыбыстарды және олардың әріптік белгіленуімен салыстыру, дыбыстарды дұрыс және дәл айту, белгілі бір дыбысы бар сөздерді атау, сөздерді буынға бөлу, олардың санын және сөздегі буынның ретін анықтау; жаңылтпаш, өлең, санамақ, мақал-мәтел, жұмбақтар жаттау арқылы артикуляциялық аппаратты жетілдіру;

2) тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну: сөз бен сөйлемді ажырату, сөздің мәні мен сөйлемнің мағынасын түсіну; шағын мәтіндердің мазмұны бойынша қойылған қарапайым сұрақтарға жауап беру, суреттер, бақылағаны, көргені, естігені немесе оқығаны бойынша әңгімелесу; сөйлемдерді интонация бойынша ажырату;

3) тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі қарым-қатынас жағдаяттарына қатысу: сөйлеу дағдыларының нормалары, тілдік этикет (этикет сөздігі) туралы, қоғамдық орындарда: көшеде, көлікте, дүкенде өзін-өзі ұстау дағдылары туралы түсіну, бір-бірімен, ересектермен, құрдастарымен, телефонмен сыпайы сөйлесу; бір-бірімен достары, отбасы, сүйікті ойыншықтары, жануарлар, демалысы туралы әңгімелесу;

4) тыңдаушының назарын аудару: сөйлегенде мәнерліліктің интонациялық құралдарын (қарқын, ырғақ) пайдалана алу, қойылымға қатысушы кейіпкерлердің диалогтарын әртүрлі интонациямен, эмоциямен бере білу, айтылған сөйлемдегі ойдың мазмұн-мағынасына қарай сөйлемдегі бір сөзге мағыналы (логикалық) екпін қойып айту, сөйлегенде үзіліс жасауды қолдану; асықпай, күш салмай, дауыстап сөйлеу; иллюстрация көрсетуде ым-ишараны пайдалану.

20. Оқылым (оқу дағдысы, әліпби әріптерін оқып үйрену):

1) оқу түрлерін қолдану: сөйлеудің сөйлемнен, сөйлемнің сөздерден, сөздің буындардан құралатындығын графикалық сызба арқылы ұғындыру және оны «оқу»; графикалық сызбалар бойынша сөйлемдер құрастырып «оқу»; графикалық сызбалар түріндегі буындардан сөз құрап «оқу»; буынның дыбыстардан (әріптерден) құралатындығын графикалық сызба арқылы ұғыну; сөйлемдегі сөз санын және сөздегі буын санын анықтау; әріптердің бейнесін шынайы заттарға, пішіндерге сәйкестендіру; әріптің қандай элементтерден тұратынын анықтау; қолда бар заттармен әріптің бейнесін жасау немесе мүсіндеу, әріптердің бейнесін түрлі сюжетті материалдардан табу; әліпбидің әріптер реттілігін көрсететінін түсіну; буындап оқу; біртіндеп сөзді тұтас оқуға көшу, 2-4 сөзден тұратын сөйлемдерді оқу, 2-3 сөйлемнен тұратын мәтіндерді дұрыс оқу;

Әріптердің енгізілу реті оқылатын сөздердің санын ұлғайту мақсатында қолжетімділік, жиілік, әдістемелік орындылығы принциптеріне сәйкес анықталған:

а, н, л, р, о, т, у, ш, с, д, ы, м, к, ұ, і, е, к, ү, и, й, ғ, г, н, ө, ә, з, ж, п, б, х, һ, я, ф, ю, ё, в, э, ц, щ, ч, ь, ъ.

2) әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (балалар энциклопедиялары, анықтамалықтары, журналдары, мультфильмдер, ертегілер, балаларға арналған телехабарлардан) қажетті ақпараттарды табу; пиктограммалар, шартты белгілер, сызбаларды түсіну.

21. Жазылым (жазудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру):

1) сөйлем құрастыру: тілдің бірлігі ретінде сөз туралы түсінік, сөйлемдегі сөздер санын анықтау (2-4 сөзден тұратын сөйлемдер қолданылады), қарапайым графикалық сызба құру; графикалық сызба бойынша сөйлем құру, суретке/сызбаға сәйкес сөйлемді өзгерту; сөйлемнің басын тік сызықтардың және тіктөртбұрыштың, сөзді – тіктөртбұрыштың және таңбалардың (нүкте, леп және сұрау белгілері) көмегімен бейнелеу; сызбаның көмегімен сөздің дыбыстық құрамын модельдеу; сөйлемдерді модельдеу;

2) пунктуациялық нормаларды сақтау: берілген сызба бойынша түрлі тыныс белгілерін (нүкте, леп және сұрау белгілері) қолдана отырып, сөйлем құрау; хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдердің интонациясын келтіру;

3) графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтау: жазуға дайындау (жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау, жарықтың дұрыс түсуі, дәптерді дұрыс қою, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстау); сызықтарды штрихтап, бастырып салу әдісімен қысқа және ұзын таяқшалар, ирек сызықтарды салу, кеңістіктік қатынасты, жазықтықта бағдарлау (жұмыс жолы, жол аралық кеңістік, жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтар, тік еңіс сызықтар); әріптерді ауада, үстел үстіне, қолға жазып үйрену; кеңістікте бағдарлау (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік сызықтары); дыбыс пен әріпті сәйкестендіру (баспа әріпнің бейнесі), әріп элементтерін жазу.

22. «Әліппенің» мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған, олар күтілетін нәтижелер түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде жүйелілікпен құрылған оқу мақсаттары педагогке жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бақылауға және оларға оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

№	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері)	Бөлімше
1	Тыңдалым және айтылым	1.1 Сөздің дыбысталу формасын ажырату
		1.2 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну
		1.3 Тілдік нормаларды сақтай

		отырып, түрлі қарым-қатынас жағдаяттарына қатысу
		1.4 Тыңдаушының назарын аудару
2	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану
		2.2 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу
3	Жазылым	3.1 Сөйлем құрастыру
		3.2 Пунктуациялық нормаларды сақтау
		3.3 Графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтау

23. Бөлімшелер бойынша оқу мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде берілген.

24. «Оқу мақсаттарының жүйесі» бөлімінде оқу мақсаттары қолдануға ыңғайлы болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгіде бірінші белгі сыныпты, екінші және үшінші белгі бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 0.2.1.4. кодында «0» – сынып, «2.1.» – «бөлімше», «4» – оқу мақсатының реттік саны.

25. Оқу мақсаттарының жүйесі:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары
1.1 Сөздердің дыбысталу формаларын ажырату	0.1.1.1 тіл дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту
	0.1.1.2 сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау
	0.1.1.3 сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау
1.2 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.2.1 сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну
	0.1.2.2 тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару
	0.1.2.3 сөйлемдерді интонация бойынша ажырату (хабарлы, сұраулы, лепті)
1.3 Тілдік нормаларды сақтай отырып,	0.1.3.1 өзіне таныс тақырып аясында

түрлі қарым-қатынас жағдаяттарына қатысу	диалогке қатысу
1.4 Тыңдаушының назарын аудару	0.1.4.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөйлеу этикетінің сөздерін (кешіріңіз, тыңдаңызшы!) қолдану

2) «Оқылым» бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары
2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу
	0.2.1.2 әріптің графикалық бейнесін тану;
	0.2.1.3 әріптің сөзде қандай қызмет атқаратынын түсіну
	0.2.1.4 мұғалімнің көмегімен сөздің лексикалық мағынасын түсіну
2.2 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	0.2.2.1 суретті кітаптардан/пиктограмма/ шартты белгілерден ақпаратты табу

3) «Жазылым» бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары
3.1 Сөйлем құрастыру	0.3.1.1 сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу
3.2 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.2.1 сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі
3.3 Графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.3.3.1 жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу
	0.3.3.2 қарапайым жиектерді салу, штрихтап салу

Нөлдік сыныпқа арналған
«Әліппе» бойынша жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына
қосымша

Нөлдік сыныпқа арналған
«Әліппе» бойынша жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
ұзақ мерзімді жоспар

Ортақ тақырыптар	Тыңдалым және айтылым	Оқылым	Жазылым
Өзім туралы Менің мектебім	0.1.2.1 сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну; 0.1.2.2 тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару; 0.1.2.3 сөйлемдерді интонация бойынша ажырату (хабарлы, сұраулы, лепті); 0.1.3.1 өзіне таныс тақырып аясында диалогке/монологқа қатысу; 0.1.4.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөйлеу этикетінің сөздерін (кешіріңіз, тыңдаңызшы!)	0.2.2.1 суретті кітаптардан/пиктограмма/шартты белгілерден ақпаратты табу	0.3.3.2 қарапайым жиектерді салу, штрихтап салу

	қолдану; 0.1.1.1 тіл дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту		
Менің отбасым және достарым Бізді қоршаған әлем	0.1.2.1 сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну; 0.1.2.2 тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару; 0.1.2.3 сөйлемдерді интонация бойынша ажырату (хабарлы, сұраулы, лепті) ; 0.1.3.1 өзіне таныс тақырып аясында диалогке/монологқа қатысу; 0.1.4.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөйлеу этикетінің сөздерін (кешіріңіз, тыңдаңызшы!) қолдану; 0.1.1.1 тіл дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту;	0.2.2.1 суретті кітаптардан/пиктограмма/шартты белгілерден ақпаратты табу; 0.2.1.2 әріптің графикалық бейнесін тану; 0.2.1.3 әріптің сөзде қандай қызмет атқаратынын түсіну; 0.2.1.4 мұғалімнің көмегімен сөздің лексикалық мағынасын түсіну	0.3.3.2 қарапайым жиектерді салу, штрихтап салу; 0.3.3.1 жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу

	0.1.1.2 сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау		
Саяхат Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	0.1.2.1 сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну; 0.1.2.2 тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару; 0.1.2.3 сөйлемдерді интонация бойынша ажырату (хабарлы, сұраулы, лепті); 0.1.3.1 өзіне таныс тақырып аясында диалогке/монологқа қатысу; 0.1.4.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөйлеу этикетінің сөздерін (кешіріңіз, тыңдаңызшы!) қолдану; 0.1.1.1 тіл дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу	0.2.2.1 суретті кітаптардан/пиктограмма/шартты белгілерден ақпаратты табу; 0.2.1.2 әріптің графикалық бейнесін тану; 0.2.1.3 әріптің сөзде қандай қызмет атқаратынын түсіну; 0.2.1.4 мұғалімнің көмегімен сөздің лексикалық мағынасын түсіну	0.3.3.2 қарапайым жиектерді салу, штрихтап салу; 0.3.3.1 жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу

	және сөзсіз жеке айту; 0.1.1.2 сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау; 0.1.1.3 сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау		
Тағам мен сусын Дені саудың жаны сау	0.1.2.1 сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну; 0.1.2.2 тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару; 0.1.2.3 сөйлемдерді интонация бойынша ажырату (хабарлы, сұраулы, лепті); 0.1.3.1 өзіне таныс тақырып аясында диалогке/монологқа қатысу; 0.1.4.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөйлеу этикетінің сөздерін	0.2.2.1 суретті кітаптардан/пиктограмма/шартты белгілерден ақпаратты табу; 0.2.1.2 әріптің графикалық бейнесін тану; 0.2.1.3 әріптің сөзде қандай қызмет атқаратынын түсіну; 0.2.1.4 мұғалімнің көмегімен сөздің лексикалық мағынасын түсіну	0.3.3.2 қарапайым жиектерді салу, штрихтап салу; 0.3.3.1 жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу; 0.3.1.1 сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу; 0.3.2.1 сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі

	(кешіріңіз, тыңдаңызшы!) қолдану; 0.1.1.1 тіл дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту; 0.1.1.2 сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау; 0.1.1.3 сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау		
--	--	--	--

Нөлдік сыныпқа арналған «Әліппенің» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар мазмұнында бағдарламалық материалды бөлу кезінде ортақ тақырыптарға сәйкес жүйелілік және дәйектілік принципі сақталған. Оқу мақсаттарының жүйесі күтілетін нәтижелердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. 0 және 1-сынып оқушыларына арналған бағдарламалық материалдардың сабақтастығын сақтау және тиімді меңгеру мақсатында «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығымен ұсынылған 50 ортақ тақырып үлгілерінің ішінен 8 ортақ тақырып іріктеліп алынды (2-қосымша).

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған
«Сауат ашу» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Түсіндірме жазба

1. «Сауат ашу» оқу пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта

білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы «шиыршық қағидаты» негізінде әзірленген, яғни оқу мақсаттары мен тақырыптардың басым көпшілігі белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек деңгейде қайта қарастырылады.

4. Оқу бағдарламасы оқу жылы көлемінде бөлімдердің оқытылу ретін көрсететін ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Тақырыптарға сағат санын бөлу және тоқсан көлемінде тақырыптарды оқыту ретін мұғалім анықтай алады.

5. Оқу бағдарламасы оқыту үдерісін білім алушылардың әдістемелік әлеуетін осы пәндік салалар бойынша білім алушылардың саналы түрде білім алуы мен біліктерді меңгеруі үшін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

6. Оқу бағдарламасында заманауи мектептегі білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық педагогикалық тәсілдемелері сипатталған оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі қызметтері кіріктіреді. Оқытудағы тәсілдемелер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдар болады.

7. Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін білім алушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын ұғынуға, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді меңгеруге ықпал етеді.

8. Білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығына ықпал ететін оқытудың алуан түрлі әдістерін қолдану тұлғалық-бағдарлық білім беруді нығайтуға мүмкіндік береді. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады.

9. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдемелері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық үдерісіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

10. «Сауат ашу» пәнінің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік

сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

11. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

12. «Сауат ашу» пәнінің мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар, жағдайлар жасау керек.

13. Оқу бағдарламасында «Сауат ашу» пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

14. «Сауат ашу» пәнінің оқу бағдарламасы білім беру құндылықтары мен мектепті бітіру алдындағы нәтижелердің өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың және әр пәннің оқу мақсаттарының жүйесінің біртұтастығы қағидатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

15. «Сауат ашу» пәнінің оқу бағдарламасы тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағыттылығы оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқу мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімін функционалдық және шығармашылықта қолдану, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады.

16. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың күрделі міндеттерді шешуі үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табуы үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық түрде қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып саналады.

17. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық»,

«ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына негіз болады.

2-тарау. «Сауат ашу» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

18. «Сауат ашу» пәні – бастауыш білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі.

19. «Сауат ашу» пәні – «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндерінің құрамдас бөлігі, тіл және әдебиет туралы білім жүйесіне дайындық, сондай-ақ одан кейінгі оқытудың негізі болып табылады.

20. «Сауат ашу» пәні білім алушылардың:

1) қазақ тілі фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мен пунктуациясы туралы бастапқы білім негіздерін игеруіне;

2) оқу мен жазуға деген қызығушылығының оянуына;

3) айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыруға;

4) жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс жасауға дағдылануына және түрлі рөлді (көшбасшы, орындаушы) орындауға үйренуіне; өз ұлтының, Қазақстанда тұрып жатқан басқа да халықтардың мәдениетіне ізгілік және құрмет сезімінің қалыптасуына негіз қалаушы пән болып табылады.

21. «Сауат ашу» пәнінің мақсаты – айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру үдерісі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

22. Алға қойылған осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілуі көзделеді:

1) қазақ әліпбиіндегі әріптер (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) туралы түсініктерін жетілдіру;

2) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру;

3) оқу дағдысы (дұрыс, мәнерлеп, шапшаң және түсініп оқу) мен жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) қалыптастырып, жетілдіру;

4) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерін дамыту;

5) кітап оқуға қызығушылығын тәрбиелеу;

6) қарапайым талдау жасау тәсілдерін меңгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу біліктерін дамыту;

7) сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениеті нормаларын сақтауға дағдыландыру;

8) сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

9) ана тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

10) коммуникативтік дағдыларын (диалог барысында басқа адамның сөзін ести және тыңдай білуін, диалогке, сұхбатқа қатысуға дайын болуын, әркімнің өз көзқарасы мен пікірі болатынын түсінуін; өз пікірін айқын да дұрыс және толық жеткізе білуін) қалыптастыру;

11) алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету;

12) білім алушыны өз іс-әрекетін адамгершілік, ізгілік тұрғысынан ұйымдастыруға және жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

23. «Сауат ашу» пәнінде оқу және жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста қатар жүреді. Оқу дағдысы жақсы қалыптасқан білім алушының сауатты жазу дағдысы да соған сай қалыптасады. «Сауат ашу» пәні арқылы білім алушылар ана тілі мен туған халқының мәдениетін құрметтеуге, оқу үдерісінде және күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда тілдік қарым-қатынасқа еркін түсіп, өз пікірін білдіруге дағыланады.

3-тарау. «Сауат ашу» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

24. «Сауат ашу» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағат, оқу жылында барлығы 198 сағатты құрайды.

25. «Сауат ашу» пәнінің мазмұны:

сауат ашу процесі 1-сыныпта екі кезеңнен тұрады: әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең.

26. 1-сыныпта сауат ашудың әліппе кезеңі I жартыжылдық бойы жалғасады. Дыбыстарды және олардың графикалық бейнесін тереңдете оқыту барысында тиімді әдіс-тәсілдерді іріктей отырып, мұғалім кезең бойынша сағат санын сыныптағы білім алушылардың оқу мақсаттарын меңгеруіне, әр кезеңнің міндеттерін жүзеге асырылуына орай өзі жоспарлай алады.

27. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;

2) фонематикалық есту қабілетін дамыту;

3) дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру;

4) әріптердің баспа және жазба түрлерін, жазбаша бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету;

5) тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту;

6) сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуын жетілдіру;

7) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру;

8) сөйлеу әрекеттерінің түрлерін жетілдіру.

28. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

- 1) мәтіндерді дұрыс, ырғақты оқуға дағдыландыру, «іштей оқу», түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;
- 2) тыңдау-түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;
- 3) байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту;
- 4) каллиграфия нормаларын сақтап, сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру.

29. Тыңдалым және айтылым:

1) мұғалім мен өзге білім алушылардың сөзін тыңдау, естігеннің мәнін түсіну, сұраққа дұрыс және нақты жауап беру, сөз мағынасын түсіну, сөзді жұмсалу орнына және мағынасына қарай қолдана білу, сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы айта алу;

2) тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдары) ауызша сөйлеуде қолдану. Сюжетті суреттер бойынша әңгімелер құрастыру, ертегілер айту. Өлеңдер, санамақтар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жатқа айту. Жаңылтпаштар айту арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

3) фонетика: сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін немесе сәйкес еместігін нақтылау. Сөздерді қазақ тілінің орфоэпиялық заңдарына сәйкес айта білу;

4) сөздің мағынасы. Сөйлем құрау. Сөйлемдерден қысқаша мәтіндер құрастыру;

5) тыңдаған материал бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, мазмұнын айтып беру. Сюжетті сурет бойынша немесе көргені, бастан кешкені, естігені туралы әңгімелесу;

6) түрлі жанрдағы шығармаларды салыстыру;

7) коммуникативтік мақсаттарға сай (топта сөйлесу, сұхбатқа қатысу, сахналау, рөлдік ойындар) сөйлеу мәдениетін сақтау, сөйлеу этикеттерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорды кеңейту;

30. Оқылым:

1) фонетика және графика; сөздер мен сөйлемдерге сызба арқылы талдау жасауды жетілдіру;

2) дыбыстардың мағына ажыратушылық функциясын білу;

3) сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнін түсіну;

4) баспа әрпі мен жазбаша әріпті ажырата және оқи білуі;

5) дауыстап оқу. Түрлі құрылымдағы сөздерді, 3-6 сөзден тұратын сөйлемдерді, 4-8 сөйлемнен тұратын қысқаша мәтіндерді буындық тәсілмен тұтас оқуын жетілдіру, мәтінді мұғалімнің сұрағы бойынша теріп оқу. Тұтас сөздер арқылы оқу, «іштей» оқу, рөлге бөліп оқу;

7) сөйлем соңында, сөз арасындағы кідірісті сақтау;

8) II жартыжылдықтағы оқу жылдамдығының нормасы: 25-30 сөз. Ескерту: Шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады;

9) қазақ тіліндегі дыбыстарды, оның ішінде айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б, к – қ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;

10) орыс тілінен енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Білім алушылардың сөздік қорын байыту және белсендіру;

11) сөздердің мағынасын (мағынасы жуық сөздер, қарама-қарсы мағыналы, көп мағыналы) ажырата алу;

12) мәтін туралы жалпы түсінік. Әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату. Әңгімелеу сипатындағы өзгертілген мәтінді өңдей алу, ұқсас мәтін құрастыру;

13) оқыған мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру және сұрақтар қою; оқылған мәтін мазмұнының тақырыбымен байланыстылығы, түрлі жанрлардың ерекшеліктерін айқындау; көркем шығарманың тақырыбын, не туралы екенін анықтау;

14) қойылған сұрақтарға дұрыс жауап құрастыра білу; көркем мәтін мен өзге (нұсқаулық, түйін) мәтіндерді интонациясын дұрыс қойып оқу (хабарлы, сұраулы, лепті) және олардың мазмұнын айтып беру; оқыған материалға баға беру (ұнайды/ұнамайды, себебі...);

15) әліпби ретімен құрылған дереккөздерден яғни суретті кітаптар, сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялардан қажетті ақпараттарды (мұғалімнің көмегімен) табу. Оқу тапсырмаларын орындау барысында мәтін, сурет, сызба, пиктограмма, постер, кластер түрінде берілген ақпаратты түсіну;

31. Жазылым:

1) жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қаламды дұрыс ұстау). Кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік). Әріп элементтерін, бас әріптер мен кіші әріптерді, сөйлемдердің буындарын графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып, бір-бірімен дұрыс байланыстырып, жазбаша әріп элементтерін ретімен, үздіксіз әрі ырғақты жазу; сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын модельдеу, сөйлемді модельдеуін жетілдіру;

3) айтылуы мен жазылуында алшақтық жоқ сөздерден пунктуациялық ережелерді ескере отырып, диктант жазу;

4) сөйлем құрамындағы сөздердің бөлек жазылуы. Сөйлемнің және атаулардың бас әріптен басталып жазылатыны, сөйлемнің соңында нүкте қойылатынын білу және қолдану;

5) сөйлем, шағын мәтіндер (3-4 сөйлем) құрастырып жазу;

6) есту, есте сақтау арқылы сөздерді (3-7 сөз), жай сөйлемдерді (1-2 сөйлем) жатқа жазу. Жазғанын үлгіге қарап тексеру; каллиграфиялық талапқа сай дұрыс жазу;

7) ұғымдарды ажырату: зат және сөз заттың атауы ретінде. Сөздің белгілі бір мағына (заттардың атын, түсін, дәмін, көлемін, санын, іс-қимылын) беретінін ұғынуға, оларды орынды қолдануға үйрету;

8) әріп. Бас әріп және кіші әріп. Дыбыстардан буын құрап жазу. Буындардан сөз құрап жазу; жазу ережелерін қолдану;

9) бас әріппен жазылатын сөздерді (адамның аты-жөні, тегі, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген аттары) анықтау, дұрыс жазу;

10) заттардың атаулары мен олардың санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді анықтау;

- 11) көптік жалғауларды меңгеру және дұрыс қолдану;
- 12) жіктеу есімдіктерін ауызекі сөйлеуде орынды қолдану;
- 13) тәуелдік жалғауларын ауызекі сөйлеуде орынды қолдану;
- 14) іс-қимылды білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) орынды қолдану;
- 15) сөйлемнің тыныс белгілерін (нүкте, үтір, сұрақ белгісі және леп белгісі) дұрыс қойып жазу;

16) сөздерді бір жолдан екінші жолға буындарға бөлу арқылы дұрыс тасымалдау;

17) сурет бойынша сөйлем құрау, берілген сөздерді қолдана отырып, сөйлем құрау, басталған сөйлемді аяқтап жазу.

32. Пән мазмұны сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) арқылы білім алушылардың тілдік сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан бөлім атаулары сөйлеу әрекеті түрлеріне сәйкес алынған. Ұсынылған бөлім өз кезегінде әрі қарай түйінді дағдылар түрінде берілген бөлімшелерге бөлінген. Бөлімшелер бойынша оқу мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде берілген.

33. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі сыныпты, екінші және үшінші белгі бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1. кодында «1» – сыныбы, «1» – «Тыңдалым және айтылым» бөлімі, «2» – бөлімшесі, «1» – оқу мақсатының реттік саны.

34. Ескерту. «Жазылым» бөлімі бойынша:

- 1) 3.1 «Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу»;
- 2) 3.2 «Түрлі стильде мәтін жазу» бөлімшелерінің оқу мақсаттары 2-4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінде қарастырылады.

35. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Білім алушылар:	
Тыңдалым және айтылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі)	
Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдаған материалдың сөйлеу екенін, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған материалды оқиганың ретін сақтай отырып баяндау
1.4 Оқиганы болжау	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрациясы бойынша болжау

1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу
1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттауға, салыстыруға қажетті сөздерді вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды, себебі...)
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет/суреттер топтамасы бойынша шағын әңгіме құрап айту
1.9 Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау
	1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну
	1.1.9.3 сөздегі буын санын және ретін анықтау
Оқылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі)	
Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру
	1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.2.2.1 мәтінде автордың кім/не туралы айтқысы келгенін түсіну
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын және соңын анықтау
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы/ мәнделс/ көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.5.1 мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалім көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру

2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.2.7.1 әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу
2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	1.2.8.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) және стильдегі (көркем, бейкөркем) мәтіндерді салыстыру
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.9.1 әріптің баспа және жазба түрін тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
	1.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь,ъ таңбалары, ё, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу
Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі)	
Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
3.3 Жоспар құру	1.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою
3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	1.3.4.1 мұғалім көмегімен оқыған, тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу
3.5 Мәтінді түрлі формада құрау	1.3.5.1 тақырыпқа байланысты тірек сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, жай сөйлемдер, мәтін құрастыру және жазу
3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	1.3.6.1 мұғалімнің көмегімен әр түрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін құрап жазу
3.7 Қатені табу және түзету	1.3.7.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету
3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және

	төменгі сызығын сақтап, жазба әріптерді, олардың қосылуын каллиграфиялық талаптарға сай жазу
3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді тыңдау арқылы жазу
	1.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
	1.3.9.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (адамның аты-жөні, тегі, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген аттары) жазу
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану
	1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою

36. Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Сауат ашу» оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
1-сыныбына арналған «Сауат ашу»
оқу пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған
«Сауат ашу» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын
жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

Ортақ тақырып	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары**
1. Өзім туралы	I тоқсан	

2. Менің мектебім	Тыңдалым және айтылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрлері) бойынша	
	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдаған материалының сөйлеу екенін, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату;
	1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау;
	1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған материалды оқиганың ретін сақтай отырып баяндау;
	1.4 Оқиганы болжау	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрация бойынша болжау;
	1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу;
	1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану);
	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды, себебі...);
	1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет/суреттер топтамасы бойынша шағын әңгіме құрап айту;
	1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.9.1* сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау; 1.1.9.2 дыбыстардың мағына

		ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.3 сөздегі буын санын және ретін анықтау
Оқылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрлері) бойынша		
2.1 Оқу түрлерін қолдану		1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру, 1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану;
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу		1.2.5.1* мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалім көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру;
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату		1.2.9.1 әріптің баспа және жазба түрін тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрлері) бойынша		
3.3 Жоспар құру		1.3.3.1* мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою;
3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу		1.3.4.1* мұғалім көмегімен оқыған, тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу;
3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау		1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, жазба әріптерді, олардың қосылуын каллиграфиялық талаптарға сай жазу;
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау		1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз);
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау		1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою

3. Менің отбасым және достарым	II тоқсан	
	Тыңдалым және айтылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрлері) бойынша	
4. Бізді қоршаған әлем	1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен тыңдалған материалды оқиганың ретін сақтай отырып баяндау;
	1.4 Оқиганы болжау	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрациясы бойынша болжау;
	1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу;
	1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1* сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану;
	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды, себебі...);
	1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет/суреттер топтамасы бойынша шағын әңгіме құрап айту;
	1.9 Дыбыстарды, сөздерді, орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау; 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.3 сөздегі буын санын және ретін анықтау
	Оқылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрлері) бойынша	
2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру;	

